



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Nazarbayev
Intellectual
Schools
Center
of Excellence
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлығасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

Педагогического Училища в город Рудный, данное решение было выполнено в начале 1970 годов. На базе Рудненского Педагогического Училища была продолжена работа по ранее определенным плановым задачам.

В современный период развитие системы народного образования, увеличивается роль изучения опыта исторического прошлого. Особый интерес вызывает вопросы формирования и развития педагогических училищ, которые изначально должны были выполнять функции подготовки педагогов для школьной системы образования. В конце 1930 годов в области организовывается Мендыкаринское педагогическое училище. Мендыкаринское педагогическое училище является показателем организации учебных заведений, которые были направлены на подготовку профессиональных педагогов. В начале 1970 годов Мендыкаринское педагогическое училище перебазировалось в город Рудный. В 1970-1980 годы данное училище по праву оставалось одним из ведущих в категории среднеспециальности учебных заведений. Выпускники училища успешно реализовывали свои знания в системе учебных заведений в качестве подготовленных учителей.

Список литературы:

1. ГУ «Государственный архив Костанайской области», Ф. 357. Оп. 2. Д. 15. Л. 116-117, 120-130.
2. ГУ «Рудненский городской государственный архив», Ф. 18. Оп. 2. Д. 144. «Отчет Мендыкаринского педагогического училища имени И. Алтынсарина за 1960-1980 учебные годы» Л. 13-17.
3. Материалы архива и музея Рудненского социально-гуманитарного колледжа имени Ы. Алтынсарина.
4. ГУ «Рудненский городской государственный архив», Ф. 18. Оп. 2. Д. 119. «Протоколы заседаний педагогического совета за 1950-1980 год» Л. 12-50.

ӘОЖ 001.895

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУ

Баймолдина Айжан Балтабаевна
химия мұғалімі
nazhia81@mail.ru

Ильясова Жазира Айтуаровна
тарих мұғалімі

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
Ғ.Қайырбеков атындағы №9
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қ., Қазақстан
nurasil-81@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада жалпы орта білім беру құрылымын жаңарту, білім беру процесіне қатысушылардың талабын, мүмкіндігі мен қызығушылығын толық ескеруді, оқытуды дараландыруға жағдай туралы баяндалған.

Түйінді сөздер: заманауи сабақ, ақпараттық –коммуникациялық технология, білім алушылар.

Аннотация

В статье изложены условия для обновления структуры общего среднего образования, полного учета требований, возможностей и интересов участников образовательного процесса, индивидуализации обучения.

Ключевые слова: современный урок, информационно-коммуникационные технологии, обучающиеся.

Abstract

The article sets out the conditions for updating the structure of general secondary education, fully taking into account the requirements, opportunities and interests of participants in the educational process, individualization of learning.

Key words: modern lesson, information and communication technologies, students.

Білім беру сапасын арттыру – мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуді қамтитын негізгі міндеттердің бірі және білім, дағды көрсеткіштерінің жүйесі, сондай-ақ оқушылардың әлемге және бір-біріне деген құндылықты-эмоционалды қарым-қатынас нормалары.

Білім беру сапасы дегеніміз-оқушылардың, қоғамның және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын білім беру нәтижелерінің маңызды қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы.

Ол неден құралады?

Педагогтердің жоғары кәсіби деңгейінен;

Оқу процесінде оқушыларға жайлы орта (қалыптастырудан) туғызудан;

Оқушылардың білім беріктігінен;

Санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтаудан.

Мұғалімдердің алдындағы негізгі мақсат-мектептерде білім сапасын арттыру, оқушылардың танымдық белсенділігін, ой-өрісін қалыптастыру. Білім сапасы-бұл оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің нәтижесін сипаттайтын тұтас жиынтық. Ол жұмыстың толықтығы, тереңдігі, тиімділігі, икемділігі, нақтылығы, жалпылануы, жүйелілігі, беріктігінен құралады. Бұл заман көшіне ілігу үшін үздіксіз жұмысты қажет ететін негізгі нәрселер. Білім алушылардың білім сапасын арттыру тәсілдерінің бірі оқу процесін ұйымдастыру болып табылады. Сабақты -оқытудың негізгі нысаны ретінде мойындай отырып, біз үнемі оны одан әрі жетілдіру жолдарын іздейміз.

Қазіргі заманауи сабаққа жоғары талаптар қойылады. Білім беруде сабақты ұйымдастырудың негізгі талаптары: сабақтың уақытында басталуы, сынып кеңістігінің ұйымдастыру, сабақ кезеңдерінің нақты ұйымдастырылуы, мұғалім мен білім алушылардың өзара іс-қимылы, білім алушылардың белгілі бір іс-әрекеттеріне мұғалімнің реакциясы, оқу материалын таңдау әсер етеді.

Мен өз сабақтарымда «досыңызбен талқылаңыз», «топта жұмыс жасаңыз» деген топтық және жұптық жұмыс түрлеріне ерекше орын беремін. Себебі, оқушылар мен мұғалімдерге арналған ұсыныстары бар оқулық маған оларды ұйымдастыруға жиі көмектеседі және сабақтарымда АКТ-ны жиі қолданамын, бұл оқу процесінің тиімділігі мен балаларды оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен, білім сапасын арттыру үшін:

1. Оқыту және оқыту процестерін жақсарту;

2. Әртүрлі әдістер мен технологияларды қолдану;

3. Оқу процесінде ақпараттық-коммуникативтік тәсілді қолдану керек.

Оқу процесіндегі кемшілікті жою, оқу процесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен жұмысты мұғалімнен бастау қажет. Ол үшін мынадай пункттерге назар аудару керек:

Мұғалімдер мен педагогика:

Мектептерде мүмкіндігінше жоғары білікті мұғалімдер жұмыс жасауына ықпал ету, ол дегеніміз мұғалімдердің арнайы біліктілік курстарынан, аттестациядан өтуілеріне жол ашу. Қолдау. Сол арқылы мұғалімдердің білімдері толығып, жаңарып отырады;

Мұғалім мамандығының мәртебесі мен жұмыс жағдайын өзгерту арқылы педагогтердің уәждемесін арттыру;

Болашақ мұғалімдерді мамандандырылған оқу курстары мен оқу кезеңіндегі педагогикалық практика арқылы шынайы жұмыс дайындау;

Мұғалімдерге әр түрлі балалар мен әртүрлі контекстердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, тиімді және қолайлы педагогикалық технологияларды қолдануға мүмкіндік беру.

Білім алушыларға көмек:

Білім алушылардың қажеттіліктері мен қабілеттерінің әртүрлілігін түсіну;

Оқушылардың танымдық дамуы, физикалық және әлеуметтік-эмоционалды денсаулығын қорғау үшін кез-келген жастағы барлық оқушылардың қажетті шарттарды сақтай отырып, мектептегі оқуға дайын болуын қамтамасыз ету. Олардың:

Демалуға, оқуға және ойнауға жеткілікті уақытының болуын қамтамасыз ету;

Ата-ана дағдыларын бір мезгілде қолдай отырып, баланы жан-жақты дамытуға бағытталған орталықтар базасында және үйде балаларды ерте жастан оқыту бойынша бағдарламалар кешенін іске асыру;

Ата-аналарды баланың оқуын дамытуға, ынталандыруға және іске асыруға тарту;

Қолайсыз жағдайдағы балалардың үлгерімін төмендетуге ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті жоюға жәрдемдесу мақсатында өз қызметін басқа әлеуметтік қызметтермен үйлестіру.

ОқужоспарыжәнеОқуматериалдары:

Балаларды кем дегенде 6 жыл ана тілінде үйрету, олар басқа оқыту тіліне толықтай ауыса алады;

Тиісті және тиімді оқу бағдарламалары мен стандарттарын әзірлеу, оларды тарату мен іске асыруды қамтамасыз ету;

Оқытушылар үшін тиісті оқулықтар мен нұсқаулықтардың болуын қамтамасыз ету, оларға оқушылар мен оқытушылардың тұрақты қол жеткізуін қамтамасыз ету;

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиісті және тиімді пайдалану арқылы мұғалімдер мен білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту.

Мектептер мен ресурстар

Оқытудың сапасы мен нәтижелерін жақсарту жолында тиімді, сапалы көрсеткіштері бар үздік ұйымдарды дайындау және қолдау. Олардың жұмыс тәжірибесімен басқа ұйымдарды таныстыру, тәжірибе алмасу;

Зорлық-зомбылықтың алдын алу арқылы оң мектеп қатынастарын нығайтатын, ашық диалог жүргізу арқылы білім алушылар үшін ақылға қонымды жұмыс жүктемесін қамтамасыз ету және олар оқып жатқан нәрсенің мағынасы бар екенін түсінуге ықпал ететін жалпы мектеп саясатын енгізу;

Оқушылардың сабаққа қатысуын жақсарту, оқуға жеткілікті уақыты бар екеніне көз жеткізуі үшін, сыныпты тиімді басқару дағдылары арқылы оларға арнайы жоспарланған кестелерді ұстану;

Әр түрлі әдістерді қолдана отырып, жыл бойына оқушылардың үлгерімін бағалауды, сонымен қатар бағалау тәжірибесінің сенімділік, сапа стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мұғалімнің біліктілігі мен кәсібилігін, яғни оның кәсіби құзыреттілігін арттыруды өзекті етеді. Еркін ойлайтын, өз қызметінің нәтижелерін болжайтын және білім беру процесін модельдейтін мұғалім қазіргі білім беру мақсаттарына қол жеткізудің кепілі болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта мұғалімнің білікті, шығармашылықпен ойлайтын, бәсекеге қабілетті тұлғасына сұраныс күрт өсті. Педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-қатынасты жоғары деңгейде жүзеге асыратын, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде тұрақты жоғары нәтижелерге қол жеткізетін мұғалімді кәсіби құзыретті деп атауға болады. Кәсіби құзыреттілікті дамыту-бұл кәсіби тәжірибені игеру мен жаңғыртудың динамикалық процесі, ол жеке кәсіби қасиеттерді дамытуға, кәсіби тәжірибені жинақтауға әкеледі, мұғалімнің үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуін, өзін-өзі дамытуын және өзін-өзі жетілдіруін болжайды.

Қазіргі мұғалім қандай болуы керек? Жаһандық даму мен ақпараттың өзгеруінің қазіргі кезеңінде оқушылармен жоғары адами қасиеттерге, азаматтық ұстанымға ие мұғалім болуы керек және мұның бәрі оның кәсіби қасиеттерімен байланысты болуы керек. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін енгізе отырып, мұғалімнің жеке басына жоғары талаптар қояды, негізгі мақсат-бәсекеге қабілетті, жауапты, құзыретті, тұрақты кәсіби өсуге дайын білікті қызметкер даярлау. Мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттеріне жоғары талаптар барлық уақытта қойылды. Кәсіби даму-бұл үздіксіз, табиғи және мақсатты өзгерістер процесі. Маман мен кәсіпқойдың жеке басының қалыптасуы мамандық таңдаған сәттен басталады және адамның бүкіл кәсіби өміріне ұласады. Бірақ бұл процестің тиімділігі ең алдымен мұғалімнің жеке қасиеттеріне, оның құндылықтары мен басымдықтарына байланысты. Мұғалімнің ішкі мотивациясы оның жоғары арнайы дайындығы мен адамгершілік қасиеттерімен үйлескенде үздіксіз кәсіби жетілдірудің қозғалтқышы болуы керек. Педагогикалық қызметтің тиімділігі көптеген факторларға байланысты, атап айтқанда мұғалімнің қаншалықты шығармашылық белсенді екендігі, оның өз қызметін жақсартуға қалай ұмтылатындығы, өзіне қажетті жеке қасиеттерін дамытуы

Жаңартылған білім мазмұнының негізгі үш тірегі – дағды, құзіреттілік және тәрбиеқазіргіжаһанданузаманындажекетұлғаныңбойынантабылуғатиісеңқажеттіқұндылықтардепбілемі з.Іштегібілімдіқажеттіжердеқолданаотырыпдағдықалыптастырып,соныңшыңынашығуарқылықүзіреттілі ккежетсек,тәрбиеықылымзаманнанбері күнтәртібінен түспейкележатқан үрдіс депбілеміз.

Жаңа форматтағы курстарда жеті модульдің бағдарламасымен және идеяларымен танысу менің педагогикалық қызметімді қайта қарауға түрткі болды: ол күнделікті жұмысыма басқа жағынан қарауға мәжбүр етті. Бұрын сабаққа дайындалу барысында мен өзім үшін мақсаттарды нақты анықтадым: үйрету, дамыту, тәрбиелеу. Мен мұны істей алатыныма сенімді болдым. Бірақ білім беруде жаңа тәсілдерді енгізу курсына оқуға қатыса отырып, мен, ең алдымен, « мұғалім-білім тасымалдаушы» немесе «мұғалім-ақпарат беруші» деген көзқарасымды « мұғалім -көмекші, білім беру процесінің үйлестірушісі»позициясына ауыстырдым. Барлық модульдерді зерттегеннен кейін мен мұғалім үшін бәрі қаншалықты пайдалы екенін, өзімді және оқу процесін қай бағытта өзгерту керектігін түсіндім.Курстарда алған білімімді топта жұмыс істегенде және одан әрі тәжірибемде білімімді оңай қолдануға көмектескенін түсіндім.

Жеті модульдің негізгі идеяларын зерттей отырып, мен «оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдер»модуліне-диалог, әңгіме арқылы дербестікті қалыптастыру және ойлауды дамытуға назар аудардым. Бұл модуль маңызды заманауи идеялар болып табылатын диалогтық оқытуды қамтиды.

Курстарға дейін мен диалогтық оқытуды енгізу туралы ойлаған жоқпын. Сабақтың әр кезеңінде диалог әрқашан болған. Бірақ ол қалай жүргізілді? Мұғалім өзіне көшбасшы рөлін алды. Енді мен диалогтық оқытудың рөлі қандай екенін түсіндім.

Мұғалім оқушыны тыңдауды үйренуі керек, оған жауап беруге уақыт беруі керек, оқушының сабақта басты спикер болуын қамтамасыз етуі керек. Жеті модульдің идеяларын енгізгенге дейін сабақта мұғалімнің рөлі басым болды. Жаңа тәсілдерді қолдана отырып, мен оқушыларды оқу диалогына тарта алдым, бұл өзара оқуға, материалды игерудің тиімділігіне ықпал етті. Бұрын мен мұғалім сабақта басты орын алуы керек деп ойлайтынмын, қазір менің ойым өзгерді. Мен диалогтық оқытуды жүйелі түрде қолдануды шештім, өйткені оның нәтижелілігіне көз жеткіздім. Қазіргі заманауи өмір жағдайында жас ұрпақты сыни тұрғыдан ойлауға үйрету қажет. Менің ойымша, сыни тұрғыдан ойлауды үйрету оқытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады, өйткені ол барлық модульдердің өзара байланысын қамтиды. Мен бұл модульдің идеяларын мектепте іс жүзінде қолдануды шештім. Мен өзім үшін осы модульдің құндылықтарын атап өттім, өйткені оқу материалын кластер түрінде бейнелеуге болады, топта жұмыс істей отырып, оқушылардың өзін-өзі реттеуін байқауға болады. Балаларда байқау, талдау және қорытынды жасау дағдылары бар, бұл сыни ойлаудың белгілері. «Сыни ойлауды дамыту» модулінің идеяларын енгізу оқушыларды өз тәжірибелеріне сүйене отырып дәлелдеуге ынталандырады. Сыни тұрғыдан ойлау – ойлаудан басталып, шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі ойлау процесі.

Бірақ мектептегі әріптестермен қарым-қатынас жасай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: көптеген мұғалімдер оқытуда бір нәрсені өзгерту керек екеніне сенімді емес және олар жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі оқыту моделіне қанағаттанады. Кейбір сабақтарда оқушылардың білімге аса ұмтылмайтынын және оқуға деген ынтасы төмен екенін жиі байқауға болады. Мұғалімдердің оқыту стилін өзгертуге дайын .стігі, ең алдымен, өзгерістерден қорқуымен байланысты. Көптеген адамдар бірдеңе дұрыс болмауы мүмкін деп қорқып, жаңа нәрселерден бас тартады. Бірақ екінші жағынан, жаңа әдістер мен тәсілдерді қолданбай, олардың сыныптағы жағдайды жақсы жаққа өзгерте алатынын ешқашан білмейсіз. Ең алдымен, қазіргі заманғы оқушы дайын білім ала отырып, әлемді тани алатындығына әріптестерін сендіру қажет.

Мұғалім-білім беруді жаңартудағы басты тұлға. Ең алдымен, мұғалімнің мәртебесі оның жоғары зияткерлік қабілеттерімен, кәсіби деңгейімен, жеке қасиеттерімен анықталады, оларды жүзеге асыруға бүкіл қоғамның қызметі, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың бірлескен қызметі бағытталуы керек. Мұғалім ақпараттық қоғамда білімнің жалғыз тасымалдаушысы болуды тоқтатқанын түсінуі керек. Қазіргі мұғалімнің рөлі – бұл жаңартылған қоғамдағы жетекші рөл. Табысты оқушыны тек табысты мұғалім тәрбиелей алады. Мұғалім педагогикалық табысты сезінуі керек. Шынында да, оқу үрдісі -бұл шығармашылық үрдіс, бірақ мұғалімнің шығармашылығы сабақта ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылығы да маңызды. Енді менің басты мақсатым: балаларды өз бетінше білім алуға үйрету және оларды ынталандырып қана қана қоймай, іс жүзінде қолдана білу. Тәжірибедегі өзгерістерімнің нәтижелерін қайта қарастырғаннан кейін менің алдағы жоспарым:

1. Үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу.
2. Өз тәжірибем туралы ойлану және оны талдау.
3. Тәжірибені тарату арқылы оқыту тәжірибесін жетілдіруге үлес қосу.

Үнемі өз-өзін жетілдіру, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру, жан-жақты қызығушылығы бар, біліктілігін арттыру мұғалімінің бойында болуы тиіс қасиеттер. Стандартты сабақтарды жаңа идеялармен үйлестіру мақсатқа жетуге көмектеседі. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.

Өз сөзімді Ш.Амонашвилидің тамаша сөздерімен аяқтағым келеді. «Мұғалім, адамның жылуын шашатын- күн бол, адам сезімінің ферменттеріне бай –негіз болатын топырақ бол, және сол білім топырағын оқушыларыңның тек санасына ғана емес, жан мен жүрегіне екі!»

Әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития (Книга 1). – Алматы: Научноиздательский центр “Ғылым”, 2001.